# 2024 ЖЫЛЫ БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ БОЛМАЙДЫ: МӘМС-КЕ ҚАЛАЙ ТӨЛЕМ ЖАСАЙМЫЗ?



Qoldau24/7 | Call center 1414 | fms.kz

# БЖТ УАҚЫТША ТӨЛЕМ РЕТІНДЕ 5 ЖЫЛҒА ЕНГІЗІЛДІ

*2019 жылдың 1 қаңтарынан 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін

Келесі жылдан бастап бұл төлем түрі болмайды.

2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін, азаматтар:



Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, 1,4 ең төменгі жалақы мөлшерінің 5% төлей алады



Дербес төлеуші ретінде 1 ең төменгі жалақы мөлшерінің 5% төлей алады

**ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫҢ СОҢҒЫ 12 АЙҒА ТӨЛЕМІ БОЛСА,** 2024 ЖЫЛДАН БАСТАП ОЛАР ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІ РЕТІНДЕ АЙ САЙЫН ТӨЛЕЙ АЛАДЫ



Qoldau24/7 | Call center 1414 | fms.kz

**ОСЫ ЖЫЛЫ 3-4 АЙҒА БЖТ ТӨЛЕГЕНДЕР АЛДАҒЫ 12 АЙҒА ТӨЛЕМ ЖАСАП,** 1 ЖЫЛҒА АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТИІМДІ.



Дербес төлеуші ретінде 1 ең төменгі жалақы мөлшерінің 5% төлей алады

# **ЕГЕР ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫҢ 12 АЙҒА БЖТ ТӨЛЕМІ БОЛМАСА,** БЕРЕШЕК ҚАЛЫПТАСҚАН АЙЛАРДЫ ЖАБУ КЕРЕК

Мысалы, бір азаматтың осы жылы соңғы 7 айға төлемі болса, мәртебесін сақтау үшін дербес төлеуші ретінде алдындағы 5 айға 3500 теңгеден төлеп шығуы керек




Келесі жылдан бастап ол ай сайын жарна төлеуін жалғастыра бермек

# **ТӨЛЕМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН БАНКІНДЕ,** БАНКТЕРДІҢ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗПОШТА» БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Төлем жасайтын кезде төлеушінің ЖСН-ін және төлем жүргізілетін кезеңді көрсету қажет




Qoldau24/7 | Call center 1414 | fms.kz



# Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының стратегия департаментінің директоры **Дамир Көбжасаров**

“

Бірыңғай жиынтық төлемнің негізгі мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту.

Сондықтан бұл төлемдері төмен жеңілдік кезеңі болды. Қазір жеке тұлғалардың табысын декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу үстінде. Бұрын кәсібін тіркемеген азаматтар кәсіпкер ретінде тіркелуі керек

”

**БЖТ – БАСҚА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН САТАТЫН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ЖЫЛДЫҚ ТАБЫСЫ 1175 АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШТЕН АСПАЙТЫН,** БАСТАПҚЫДА БЕЙРЕСМИ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН АЗАМАТТАР ҮШІН ҚР САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН АРНАЙЫ ТӨЛЕМ

Бұл төлем түрін көбіне жұмыссыз әрі тұрақты жұмысы жоқ азаматтар, бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін жүкті әйелдер төлейді



**БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН** БІР АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ КӨЛЕМІН ЖӘНЕ БАСҚА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АЗАМАТТАРЫ ҮШІН 0,5 АЕК-ТІ ҚҰРАЙДЫ

2023 жылы төлем мөлшері тиісінше
3 450 теңге және 1725 теңгені құрады



Бұл соманы **«Азаматтарға арналған үкімет»** мемлекеттік корпорациясы мынадай пропорцияда бөледі:



- **10% –** жеке табыс салығы
- **20% –** әлеуметтік аударымдар
- **30% –** міндетті зейнетақы жарналары
- **40% –** міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударылады

Qoldau24/7 | Call center 1414 | fms.kz